

«Баланы мектепке қалай дайындау керек?»

Тәрбиеші: Саниоллина А.

2023-2024 оқу жылы

Баланы мектепке қалай дайындау керек.

Әлбетте, баланың өміріндегі бұл жаңа кезеңге алдын ала дайындық қажет. Жаңа күн тәртібі, сыныптастары мен мұғалімдеріне, мектеп ережелеріне бейімделу балаға оңай соқпасы анық.

1. Күн тәртібін орнатыңыз

Психологтың сөзінше, белгілі бір күн тәртібі дұрыс әдеттерді қалыптастырады және үй тапсырмасын орындауды жеңілдетеді. Мектепке дайындық кезеңінде бала кешкі 22-ден кешікпей ұйқыға кетуі керек. Ал ұйқының ұзақтығы кем дегенде 9 сағатты құрауы тиіс.

2. Дұрыс тамақтануын қадағалаңыз

Баланы күштеп тамақтандырмаңыз, жеңіл-желпі тамақтануды доғарыңыз. Ал тәтті панды пайдалы кептірілген жемістермен ауыстырған дұрыс. Мәзірден қытырлақ картоп, фаст-фуд, дәмдеуіштер мен тәтті газдалған сусынды алып тастаңыз. Күнделікті тамақтануға шырындар, маусымдық коктейлдер мен жемістерді қосыңыз.

3. Сабақ орындайтын орнын дайындаңыз

Оқушы отыратын орын қауіпсіз, дұрыс жарықтандырылған, әрі денсаулыққа ыңғайлы екеніне көз жеткізіңіз.

4. Артық талап қоймаңыз

Балаға уақытынан бұрын білім беруге тырыспаңыз. Алдын ала оқып-біліп барған баланың қызығушылығы төмендейді, сабақ барысында алаңдай бастайды. Нәтижесінде бала білім алуға қызығушылық танытпайды.

5. Дұрыс эмоционалды көңіл күй қалыптастырыңыз

Бала кателесуден қорықпауы керек. Егер ондай жағдай бола қалса, ұрыспаңыз. Әйтпесе ол кателесуден қорқып, өзіне деген сенімі төмендейді. Егер қатесін байқасаңыз, баланың назарын оған аударыңыз және түзетуді ұсыныңыз, мақтауды ұмытпаңыз.

Жаңа оқу жылы – әр отбасы үшін ерекше кезең. 1 қыркүйек жақындағанда ата-аналар мен оқушыларды мазалайтын сұрақтардың бірі – “Мектепке қалай дұрыс дайындалу керек?”. Бұл дайындық тек киім мен құрал-жабдық сатып алумен шектелмейді. Эмоциялық, психологиялық және күн тәртібіне бейімделу де – маңызды бөлшектердің бірі.

Ата-аналар мен оқушыларға жаңа оқу жылына қалай дайындық жүргізу кереті жайлы кеңес:

1. Баламен ашық сөйлесіңіз

Жазғы демалыстан кейін мектепке қайта оралу — кей балаға қуаныш, енді біреуге уайым. Сондықтан:

Баламен сөйлесіп, мектеп жайлы жақсы естеліктерді еске түсіріңіз;

Жаңа достар, ұстаздар, үйренетін қызықты пәндер жайлы айтып, мотивация беріңіз;

Егер бала қобалжып жүрсе, оның сезімін қабылдап, сабырмен тыңдаңыз.

2. Күн тәртібін алдын ала реттеңіз

Тамыздың соңғы екі аптасында бала күнделікті режимге біртіндеп көшуі керек:

Ұйқы мен ояну уақытын мектеп режиміне жақындатыңыз;

Телефон, планшет, теледидар алдында өткізетін уақытты азайтыңыз;

Кітап оқу, дәптермен жұмыс істеу секілді оқу іс-әрекетін біртіндеп енгізіңіз.

3. Қажетті құралдарды бірге таңдаңыз

Бала мектепке дайындалу барысында өз ойын білдіре алатын болса, ол оқуға деген қызығушылығын арттырады:

Сөмке, дәптер, қалам сияқты құралдарды бірге таңдап алыңыз;

Мектеп формасын киіп көру арқылы балада жаңа оқу жылына деген көңіл күй оянады;

Дайындық кезінде баланың талғамына құлақ асыңыз.

4. Психологиялық қолдау көрсетіңіз

Бала үшін мектеп – тек білім орны ғана емес, жаңа орта мен жауапкершілік алаңы:

Балаға кателесуден қорықпау керектігін түсіндіріңіз;

Қолдау мен мақтау сөздеріңіз балаға сенімділік береді;

Қатал талап қоядан гөрі, бірге үйренуді мақсат етіңіз.

5. Мектеппен байланыс орнатыңыз

Жаңа сынып жетекшімен, пән мұғалімдерімен алдын ала танысу – бала үшін де, ата-ана үшін де пайдалы;

Ата-аналар жиналысына қатысып, мектеп талаптарын нақтылап алыңыз;